www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
# АЙҒАҚ
MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube facebook Telegram
№28 /sársenbi/ 08 şilde 2026 jyl



## ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ: 400 МЛН АҚШ ДОЛЛАРЫНА ЖУЫҚ ИНВЕСТИЦИЯ

Ұлытау облысында өткен «Ulytau Invest–2026» Қазақстан–Қытай инвестициялық форумы аясында жалпы құны 368,6 миллион АҚШ долларын құрайтын инвестициялық меморандумдарға қол қойылды.

Құжаттар тұрғын үй қорын және қалалық инфрақұрылымды жаңғыртуға, өнеркәсіпті дамытуға, шахталардағы өндірістік қауіпсіздікті күшейтуге, төмен көміртекті индустриялық кластер қалыптастыруға және өңірде жел электр станцияларын салуға бағытталған бірқатар инвестициялық жобаларды іске асыруды көздейді.

Форум Қазақстан мен Қытайдың мемлекеттік органдары, бизнес және инвестициялық қауымдастықтарының өкілдерін бір алаңға жинады. Ауқымды іс-шараға Қытайдың 20-дан астам ірі компаниясының делегациялары қатысты.

Іс-шараға дейін Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков Шэньси провинциясынан келген делегация басшысы Ван Цзинцзинмен екіжақты кездесу өткізіп, сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту және жаңа инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелерін талқылады.

«Ulytau Invest–2026» форумы барысында облыстың тау-кен металлургиясы, өңдеу өнеркәсібі, агроөнеркәсіп, энергетика, логистика және инфрақұрылым салаларындағы инвестициялық мүмкіндіктері таныстырылды. Сондай-ақ Қазақстан мен Қытай кәсіпкерлері арасында B2B және G2B форматындағы кездесулер ұйымдастырылып, жаңа жобаларды бірлесіп іске асыру және әріптестікті кеңейту бағыттары қарастырылды.

Іс-шарада сөз сөйлеген Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков халықаралық ынтымақтастық пен инвестиция тарту өңір дамуының негізгі басымдықтарының бірі екенін атап өтті. Оның айтуынша, форум бұған дейін облыс делегациясының Қытайдың Сиань қаласына жұмыс сапары барысында қол жеткізілген келісімдердің нақты жалғасы болды.

Форумның ресми бөлігінен кейін Қытай делегациясының өкілдері өңірдегі инвестициялық алаңдар мен өндірістік кәсіпорындарды аралап, іске асырылып жатқан және болашақ инвестициялық жобалармен танысты.

## ОРМАН ЖӘНЕ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДА КАДР ТАПШЫ

2026 жылдың қаңтар-мамыр айларында республика жұмыс берушілері Электрондық еңбек биржасында (Enbek.kz) 495,7 мың бос жұмыс орнын жариялады. Бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,2 мыңға немесе 2,3%-ға артық (484,5 мың). Еңбек ресурстарына тұрақты сұраныс экономиканың барлық негізгі салаларында сақталуда. Әсіресе ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және құрылыс салаларында өсім қарқыны жоғары болды.

Айлар бөлінісінде өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда ең жоғары өсім наурыз айында (+27,6%) және сәуірде (+7,4%) тіркелді. Қаңтар айындағы көрсеткіш те өткен жылдың деңгейінен 3,6%-ға жоғары болды.

Салалар бойынша ең көп бос жұмыс орны білім беру бағытында жарияланды. Бұл салада 120,3 мың вакансия орналастырылып, жалпы сұраныстың шамамен 24%-ын құрады.

Сонымен қатар өндірістік және агроөнеркәсіптік секторларда кадрларға деген сұраныстың айтарлықтай артқаны байқалады. Бұл нақты сектордағы экономикалық белсенділіктің күшейгенін көрсетеді:



ауыл, орман және балық шаруашылығы саласында 37,5 мың бос жұмыс орны ұсынылды, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 61,8%-ға көп;

тау-кен өндіру өнеркәсібінде кадрларға сұраныс 48%-ға өсіп, 8,4 мың вакансияны құрады;

өңдеу өнеркәсібінде өсім 31,1%-ды құрап, 37,8 мың бос жұмыс орны жарияланды;

құрылыс саласында вакансиялар саны 26,6%-ға артып, 32,1 мыңға жетті.

Сондай-ақ өзге қызмет түрлерін көрсету саласында да оң өсім байқалды – мұнда 75 мың бос жұмыс орны жарияланып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 35,9%-ға артты. Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет саласында да сұраныс 34,6%-ға өсіп, 10,9 мың вакансияны құрады.

Өңірлер бөлінісінде бес ай ішінде ең көп бос жұмыс орны Астана қаласында (41 мың), Павлодар облысында (34,8 мың) және Түркістан облысында (33,9 мың) тіркелді. Ал өткен жылмен салыстырғанда кадрларға сұраныстың ең жоғары өсімі Атырау облысында (+63,2%), Ақмола облысында (+43,7%) және Түркістан облысында (+23,2%) байқалды.

Жалпы алғанда, 2026 жылдың қаңтар-мамыр айларындағы жиынтық көрсеткіштер еліміздің еңбек нарығында тұрақты оң үрдіс сақталғанын көрсетеді. Әсіресе өнеркәсіп пен аграрлық секторларда сұраныстың артуы отандық өндірістің сапалы дамып келе жатқанын айғақтайды. Қазіргі уақытта еңбек нарығында жұмыс іздеушілер үшін барлық өңірлер мен негізгі салалар бойынша жұмыспен қамтудың кең мүмкіндіктері ұсынылып отыр.

**Қазақстан халықаралық цифрлық саясаттағы өз орнын нығайтып келеді. Бұған дейін электронды үкімет, финтех және мемлекеттік цифрлық қызметтер бойынша әлемдік рейтингтерде жоғарылаған ел енді Орталық Азиядағы цифрлық трансформацияның негізгі орталығына айналуды көздейді. Бұл бағыттағы маңызды қадам - Қазақстанда Халықаралық электр байланысы одағының (ITU) Акселерация орталығының құрылуы.**

## АКСЕЛЕРАЦИЯ ОРТАЛЫҒЫ НЕ БЕРЕДІ?

### Қазақстан цифрлық көшбасшылыққа тағы бір қадам жасады

Женевадағы ITU штаб-пәтерінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев пен ұйымның Бас хатшысы Дорин Богдан-Мартин Қазақстанда ITU Acceleration Centre ашу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісіммен алмасты. Бұл – жай ғана халықаралық жоба емес, Қазақстанның цифрлық даму стратегиясын жаңа деңгейге көтеретін бастама.

### Акселерация орталығы дегеніміз не?

Көпшілік «акселерация» ұғымын көбіне стартаптарды қолдау бағдарламаларымен байланыстырады. Алайда ITU бастамасындағы Акселерация орталығының ауқымы әлдеқайда кең. Ол инновациялық технологияларды енгізу, жасанды интеллектті дамыту, мемлекеттік басқаруды цифрландыру және адам капиталын күшейту бағытында жұмыс істейтін халықаралық алаң болмақ.

Ягни, бұл орталық жаңа идеяларды талқылайтын орын ғана емес, нақты жобаларды іске асырып, өңірдегі цифрлық өзгерістерді жеделдететін институтқа айналуы тиіс.

### Қазақстан қандай пайда көреді?

Ең алдымен, еліміз халықаралық тәжірибе мен технологиялық шешімдерге тікелей қол жеткізеді. Бұл мемлекеттік органдардың цифрлық қызметтерін жетілдіруге, жасанды интеллект негізіндегі сервистерді енгізуге және инновациялық экожүйені дамытуға мүмкіндік береді.

Екінші маңызды бағыт – кадр даярлау. Қазір әлемде жасанды интеллект, киберқауіпсіздік және үлкен деректерді талдайтын мамандарға сұраныс күрт өсіп келеді. Акселерация орталығы халықаралық сарапшыларды, ғылыми ұйымдарды және технологиялық компанияларды біріктіріп, қазақстандық мамандардың біліктілігін арттыруға ықпал етеді.

Үшіншіден, бұл бастама қазақстандық стартаптар мен IT-компанияларға жаңа нарықтарға шығуға мүмкіндік береді. Халықаралық ұйымның қолдауымен жүзеге асатын жобалар инвесторлардың сенімін арттырып, шетелдік әріптестермен байланысты кеңейтуге жол ашады.

### Орталық Азия үшін маңызы қандай?

Қазақстанда ашылатын орталықтың қызметі бір елдің шеңберімен шектелмейді. Оның басты ерекшелігі – бүкіл Орталық Азия елдерінің цифрлық дамуына қолдау көрсету.

Соңғы жылдары өңір мемлекеттері цифрландыруды жедел қолға алғанымен, олардың даму қарқыны біркелкі емес. ITU Акселерация орталығы тәжірибе алмасуға, бірлескен жобаларды іске асыруға және ортақ цифрлық стандарттарды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл өңірдегі цифрлық алшақтықты азайтып, технологиялық ынтымақтастықты күшейтуге ықпал етеді.

Қазақстанның бұл бағыттағы белсенділігі тағы бір маңызды жаңалықпен толықты. Жаслан Мәдиевтің «AI for Good» жаһандық комиссиясының құрылтайшы мүшесі атануы еліміздің жасанды интеллект саласындағы халықаралық бастамаларға қатысу деңгейінің артқанын көрсетеді.

Бұл Қазақстанның тек цифрлық технологияларды тұтынушы емес, оларды дамыту мен халықаралық ережелерді қалыптастыруға үлес қосатын мемлекетке айналып келе жатқанын аңғартады.

Алайда кез келген халықаралық бастаманың табысы оның жариялануымен емес, нақты нәтижесімен өлшенеді. Сондықтан Акселерация орталығының тиімділігі бірнеше көрсеткіш арқылы бағалануы тиіс. Атап айтқанда, қанша маман даярланды, қанша стартап халықаралық деңгейге шықты, қандай жаңа технологиялар енгізілді және мемлекеттік қызметтердің сапасы қаншалықты жақсарды деген сұрақтарға нақты жауап болуы қажет.

Егер бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі жүргізілсе, Қазақстан цифрлық технологияларды импорттайтын елден оларды әзірлейтін және экспорттайтын мемлекетке айналу мүмкіндігін күшейтеді.

ITU Акселерация орталығының құрылуы – Қазақстанның цифрлық саясатындағы кезекті халықаралық жетістік.

Бұл жоба инновацияны дамытуға, жасанды интеллект саласындағы адами капиталды нығайтуға және Орталық Азиядағы өңірлік ықпалдастықты арттыруға қызмет етеді.

Ендігі басты міндет – халықаралық келісімдердің әлеуетін нақты жобаларға айналдырып, оның игілігін мемлекетке, бизнеске және қоғамға жеткізу. Сонда ғана Қазақстанның цифрлық көшбасшылыққа ұмтылысы нақты нәтижемен бекемделеді.

# ГҮЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТАТЫН ІРІ ЖОБА



Түркістан облысында гүл шаруашылығы мен көгалдандыру саласын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған ауқымды инвестициялық жоба қолға алынбақ. Облыс әкімі Нұралхан Көшеров Қытайдың Wuhan Xiangyu Dingsheng Construction Engineering Co., Ltd. компаниясының өкілдерімен кездесіп, өңірде гүлдер мен декоративті ағаштар өсіретін заманауи жылыжай кешені және арнайы сауда орталығын салу мәселесін талқылады.

Жоба өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырумен қатар, гүл шаруашылығы өндірісін дамытуға, көгалдандыру жұмыстарын күшейтуге және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге өндірілген өнімді ішкі нарықпен қатар экспортқа шығару көзделіп отыр.

Кездесу барысында жобаның техникалық және қаржылық тетіктері, құрылыс кезеңдері, инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мәселелері, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шаралары мен екіжақты ынтымақтастықты нығайту жолдары жан-жақты қарастырылды.

Облыс әкімі бұл бастаманың Түркістан өңірі үшін стратегиялық маңызға ие екенін атап өтті.

Сіздерді Түркістан өңірінде қарсы алғаныма қуаныштымын. Осы жылдың 10 маусымында Қытай Халық Республикасына жасаған жұмыс сапары барысында Ухань қаласында кездесіп, аталған жобаны жүзеге асыру мәселелерін талқылаған болатынбыз. Бүгінгі кездесу – сол келіссөздердің нақты жалғасы. Бұл инвестициялық жоба облыстың инвестициялық әлеуетін арттырып қана қоймай, агроөнеркәсіп кешенін дамытуға, сауда-логистикалық инфрақұрылымды жетілдіруге және жаңа жұмыс орындарын ашуға тың серпін береді деп сенемін, – деді Нұралхан Көшеров.

Өз кезегінде қытайлық компания өкілдері Түркістан облысының инвестициялық мүмкіндіктеріне жоғары баға беріп, жобаны кезең-кезеңімен жүзеге асыруға дайын екендіктерін жеткізді. Олардың мәліметінше, кешенде гүлдердің және декоративті ағаштардың әртүрлі сұрыптары өсіріліп, заманауи агротехнологиялар мен автоматтандырылған басқару жүйелері енгізіледі. Бұл өнім сапасын арттырып, жыл бойы үздіксіз өндіріс жүргізуге мүмкіндік береді.

Жоба аясында гүл өсірумен қатар, арнайы сауда алаңдары құрылып, кешеннің туристік нысан ретінде де қалыптасуы жоспарланып отыр. Бұл өз кезегінде өңірдің туризм әлеуетін арттырып, кәсіпкерліктің жаңа бағыттарының дамуына жол ашады.

Кездесу қорытындысында тараптар инвестициялық жобаны тиімді жүзеге асыру бағытындағы әріптестікті жалғастырып, алдағы уақытта нақты іс-шаралар жоспарын бірлесіп іске асыруға уағдаласты.

# ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА ҚАТЫСТЫ ТАЛАП КҮШЕЙТІЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өңірлердің экономикалық әлеуетін арттыру, инвестиция тарту және жаңа өндірістер ашу жөніндегі тапсырмалары Түркістан облысында кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Осы бағыттағы жұмыстардың барысы Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен мәжілісте жан-жақты сараланды. Жиында инвестициялық жобалардың орындалу деңгейі, «TURAN» арнайы экономикалық аймағының қызметі және индустриялық аймақтарды дамыту мәселелері қаралды.

Облыс әкімі инвестициялық жобалардың әрқайсысы өңір экономикасы үшін маңызды екенін атап өтіп, олардың уақытылы әрі сапалы орындалуына қатысты жауапты тұлғаларға нақты міндеттер жүктеді.

– Президент инвестиция тарту мен өндірісті дамытуға ерекше мән беріп отыр. Әрбір жоба – жаңа жұмыс орны, жаңа өндіріс және халықтың әл-ауқатын арттыруға қосылған үлес. Сондықтан бірде-бір инвестициялық жоба қағаз жүзінде қалып қоймауы тиіс. Құрылысы тоқтап тұрған немесе мерзімінен кешігіп жатқан жобалар бойынша нақты шешім қабылдау қажет. Егер инвестор өз міндеттемесін орындамаса, заң талаптарына сәйкес жер мемлекетке қайтарылып, оны жұмысты нақты жүргізуге дайын инвесторларға беру керек. Әрбір жобаның толық әрі уақытылы жүзеге асуы – басты талап, – деді Нұралхан Көшеров.

Жиында облыстық өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасы «TURAN» арнайы экономикалық аймағының жұмысы туралы баяндама жасады. Жалпы аумағы 3603,3 гектарды құрайтын аймақта 2019 жылдан бері жалпы құны 1 триллион 263 миллиард теңгені құрайтын 140 инвестициялық жоба тіркелген. Оларды жүзеге асыру нәтижесінде 13 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Қазіргі таңда 58 жоба іске қосылып, 3243 тұрақты жұмыс орны құрылған.

Сонымен қатар биыл Үкіметтің тиісті қаулысына сәйкес арнайы экономикалық аймақтың аумағы оңтайландырылып, пайдаланылмай жатқан жерлер мемлекет қорына қайтарылды. Соның нәтижесінде Түркістан қаласының бюджетіне жер және мүлік салығы есебінен жыл сайын 657,7 миллион теңге көлемінде қосымша кіріс түседі деп күтілуде.

Мәжілісте әкімшілік-іскерлік аймақта жүзеге асырылып жатқан бірқатар жобалардың құрылыс қарқыны да қаралды. Қазіргі таңда тұрғын үй және коммерциялық нысандарды қамтитын 8 жобада құрылыс жұмыстары белгіленген кестеден кешігіп келеді. Басқарушы компания тарапынан инвесторларға бірнеше мәрте ескерту беріліп, тиісті материалдар қала прокуратурасына жолданған.

Облыс әкімі жауапты мекемелерге әрбір жоба бойынша нақты іс-қимыл жоспарын әзірлеп, туындаған мәселелерді жедел шешуді тапсырды.

Жиында индустриялық аймақтардың жұмысы да талқыланды. Түркістан қаласындағы 290 гектарлық өнеркәсіптік аймақта жалпы құны 157 миллиард теңгені құрайтын 14 жоба тіркелген. Оның алтауы іске қосылып, қалғандарында құрылыс жұмыстары жалғасуда.

Ал Сауран индустриялық аймағында жалпы құны 86,9 миллиард теңгені құрайтын 8 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Мұнда негізгі мәселе ретінде электр қосалқы станциясының құрылысын аяқтау және инженерлік инфрақұрылымды толық қамтамасыз ету қажеттігі айтылды.

Кентау қаласының индустриялық аймағында жеті жобаның бесеуі іске қосылған болса, қалған екі жоба өндірісті бастауға дайындық кезеңінде. Сондай-ақ «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығында жалпы құны 102,1 миллиард теңгені құрайтын бес инвестициялық жоба тіркелген. Бұл аумақта инженерлік инфрақұрылым құрылысының қарқынын жеделдету мәселесі көтерілді.

Жиын барысында Сайрам және Отырар аудандарындағы индустриялық аймақтардың жай-күйі де сараланып, қажетті инженерлік желілерді жүргізу, жер мәселелерін реттеу және инвесторларға қолайлы жағдай жасау жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Сонымен қатар «TURAN» арнайы экономикалық аймағын одан әрі дамытуға бағытталған бірқатар жаңа ұсыныстар таныстырылды. Атап айтқанда, аймақ аумағын 27,5 гектарға кеңейту, өндірістік алаңдарды толық абаттандыру, қоршау мен бейнебақылау жүйелерін орнату, сондай-ақ қатысушылардың жауапкершілігін күшейту үшін нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу жоспарланып отыр.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімі Мемлекет басшысының инвестиция тарту және өндірісті дамыту жөніндегі тапсырмаларын сапалы орындау мемлекеттік органдар мен инвесторлардың ортақ жауапкершілігі екенін атап өтіп, барлық жобаның белгіленген мерзімде жүзеге асуын қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

# ЖЕТІСАЙДА «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Жетісай ауданында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында санитариялық тазалықты сақтау, елді мекендерді абаттандыру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда.

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің тапсырмасына сәйкес құрылған жұмыс тобы аудан аумағындағы сауда, қоғамдық тамақтану және қызмет көрсету нысандарын аралап, кәсіпкерлерге санитариялық талаптарды сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Рейд барысында кәсіпкерлік нысандарының іргелес аумақтарын таза ұстау, ғимараттардың сыртқы келбетін ретке келтіру, жасыл желектерді күтіп-баптау, заңсыз орнатылған жарнамаларды алып тастау және абаттандыру талаптарын сақтау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Кезекті зерделеу жұмыстарына аудан әкімінің орынбасары Нұркен Әлмеш, аудан әкімдігінің дербес бөлімдерінің басшылары, аудандық полиция бөлімі, төтенше жағдайлар қызметі, «QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ Түркістан өндірістік филиалының Жетісай газ шаруашылығы, Мақтаарал электр желілері, газ инспекциясы, аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы және өзге де жауапты мекемелердің өкілдері қатысты.

Рейд қорытындысында анықталған кемшіліктерді қысқа мерзімде жою бойынша нақты ұсынымдар беріліп, олардың орындалуы тұрақты бақылауда болатыны ескертілді.

Жауапты мамандардың айтуынша, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясындағы түсіндіру, зерделеу және бақылау шаралары Жетісай ауданының барлық елді мекендерінде кезең-кезеңімен жалғасады. Бұл жұмыстардың басты мақсаты – қоғамдық орындардың тазалығын қамтамасыз етіп, кәсіпкерлердің қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыру және тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Ал аптаның сенбі күнінде ауданда «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында кең көлемді сенбілік ұйымдастырылып, тазалық жұмыстарына 2 мыңға жуық адам қатысты. Ауқымды шараға мемлекеттік мекеме қызметкерлері, коммуналдық сала мамандары, еріктілер, жастар және аудан тұрғындары жұмылдырылды.

Сенбілік барысында аудан аумағындағы көшелер, саябақтар, скверлер, әлеуметтік нысандардың айналасы мен қоғамдық орындар қоқыстан тазартылып, арық-атыздар мен аяқжолдар ретке келтірілді. Сонымен қатар, жол жиегі мен көпшілік жүретін орындардағы бей-берекет жиналған қалдықтар шығарылып, қоршаған ортаның тазалығын сақтау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Экологиялық акцияның басты мақсаты – ауданның санитарлық тазалығын жақсарту, тұрғындар арасында қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау мәдениетін қалыптастыру және елді мекендердің көркін арттыру. Бұл ретте аудан әкімі Серік Мамытовтың тапсырмасына сәйкес тазалық жұмыстары тек сенбілік аясында ғана емес, тұрақты түрде жалғасып, ауданның барлық аумағында кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

«Таза Қазақстан» акциясы аясындағы мұндай игі бастамалар өңір тазалығы мен көркеюіне оң әсер етіп қана қоймай, тұрғындарды ортақ іске біріктіретін маңызды қадам болып отыр.



# АСТАНА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА СОЗАҚТА 25 ОТБАСЫНА ЖАҢА ПӘТЕРДІҢ КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Астана күні қарсаңында Түркістан облысының Созақ ауданында қуанышты оқиға орын алды. Аудан орталығындағы Жеткіншек мөлтек ауданында әлеуметтік осал санаттағы азаматтар мен көпбалалы отбасыларға арналған 25 пәтердің кілті салтанатты түрде табысталды.

Жаңа баспаналар ұзақ жылдар бойы тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға берілді. Бұл – тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға және баспанамен қамтуға бағытталған мемлекеттік саясаттың нақты нәтижесі.

Пәтер кілттерін табыстау рәсіміне аудан тұрғындары, еңбек ардагерлері, зиялы қауым өкілдері және жаңа қоныс иелері қатысты. Салтанатты жиында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков тұрғындарды қоныс тойымен құттықтап, тұрғын үй құрылысы ауданның басты әлеуметтік бағыттарының бірі екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысының халықтың өмір сүру сапасын арттыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес ауданымызда тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізілуде. Баспана – әрбір отбасының бақыты мен тұрақтылығының кепілі. Бүгінгі қуаныш – тұрғындарды әлеуметтік қолдау бағытында атқарылып жатқан жүйелі жұмыстың нәтижесі. Алдағы уақытта да бұл жұмыстар жалғасып, жаңа тұрғын үйлер пайдалануға беріледі, – деді аудан әкімі.

Сондай-ақ аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев қоныс иелеріне ақжарма тілегін білдіріп, жаңа шаңырақтардың берекелі болуына ниеттестік танытты.

Өз кезегінде жаңа пәтер иелері мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдау үшін алғыстарын айтып, көптен күткен баспаналы болған қуаныштарымен бөлісті.

Айта кетейік, тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және баспанамен қамтамасыз ету жұмыстары қолданыстағы заңнамаға сәйкес «Отбасы банк» АҚ-ның бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Пәтерлер тұрғындардың әлеуметтік мәртебесі, тұрғын үйге мұқтаждық деңгейі және кезектегі орнына сәйкес бөлінеді.

Соңғы жылдары Созақ ауданындағы Жеткіншек мөлтек ауданында тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бұған дейін Мемлекеттік рәміздер күні мерекесі қарсаңында 29 отбасы жаңа қонысқа ие болса, енді тағы 25 отбасының баспаналы болу бақыты бұйырды.

Қазіргі уақытта пайдалануға дайын 22 пәтердің құжаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Заңдық рәсімдер толық аяқталғаннан кейін бұл тұрғын үйлер де кезекте тұрған азаматтарға кезең-кезеңімен табысталмақ.

Сонымен қатар аудан орталығында 20 пәтерлі тұрғын үйлердің құрылысы жалғасып жатыр. Бұдан бөлек, «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ-ның еншілес ұйымдарының қолдауымен жаңғырту бағдарламасы аясында 16 пәтерлі екі қабатты тұрғын үйлердің құрылысы жүргізілуде. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да Созақ ауданында тұрғындарды баспанамен қамту қарқынын арттыруға мүмкіндік береді.





# БӘЙДІБЕКТЕГІ ЕКІ ЕЛДІ МЕКЕНГЕ ТАБИҒИ ГАЗ БЕРІЛДІ

Түркістан облысында халықтың тұрмыс сапасын жақсарту және инженерлік инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елді мекендерді кезең-кезеңімен табиғи газбен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасына сәйкес өңірде көгілдір отынға қолжетімділікті арттыруға басымдық берілген. Бұл бағыттағы жұмыстар Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің тұрақты бақылауында.

Осы жұмыстардың нәтижесінде Бәйдібек ауданындағы Боралдай және Ақбастау ауылдық округтеріне қарасты Қаратас пен Тұрақты елді мекендеріне табиғи газ беріліп, тұрғындардың көптен күткен қуанышы еселенді. Енді ауыл тұрғындары үйлерін табиғи газ жүйесіне қосып, көгілдір отынның игілігін көре алады.

Газдандыру жобасын «KazBuildCo» ЖШС жүзеге асырды. Жоба аясында Қаратас ауылына ұзындығы 10,005 шақырым, ал Тұрақты елді мекеніне 15,6 шақырым газ құбыры тартылып, қажетті инженерлік инфрақұрылым толықтай салынды.

Жобаның іске асуы нәтижесінде Бәйдібек ауданындағы 50 елді мекеннің 43-і, яғни 86 пайызы табиғи газмен қамтылды. Ал халық саны бойынша 48 221 тұрғынның 45 574-і, немесе 94,5 пайызы көгілдір отынға қол жеткізіп отыр. Бұл ауданның инженерлік инфрақұрылымын жаңғырту бағытындағы маңызды жетістіктердің бірі саналады.

Табиғи газ беру рәсіміне аудан әкімінің міндетін атқарушы Нұрпеис Ақбаев қатысып, тұрғындарды айтулы оқиғамен құттықтады. Ол бұл жұмыстар Мемлекет басшысының халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған саясатының нақты нәтижесі екенін айтып, ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсартуға бағытталған жобалар алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді.

– Табиғи газдың келуі – ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыратын маңызды қадам. Бұл тұрғындардың тұрмысын жеңілдетіп қана қоймай, қоршаған ортаның экологиялық жағдайын жақсартып, қатты отынға тәуелділікті азайтады. Сонымен қатар әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымның дамуына жаңа серпін береді, – деді аудан әкімінің міндетін атқарушы.

Ауыл тұрғындары да көптен күткен көгілдір отынның келуін үлкен қуанышпен қарсы алып, мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдау үшін ризашылықтарын білдірді. Олардың айтуынша, табиғи газдың іске қосылуы қыс мезгіліндегі тұрмыстық шығындарды азайтып, күнделікті өмірді әлдеқайда қолайлы етеді.

Бәйдібек ауданында газдандыру жұмыстары кезең-кезеңімен жалғасуда. Биыл Қошқарата, Кеңсай және Шұқыршақ елді мекендерінде де табиғи газ желілерінің құрылысы жүргізілмек. Қазіргі таңда бұл бағыттағы дайындық жұмыстары қолға алынған.

Жоспарланған жобалар толық жүзеге асқан жағдайда, Бәйдібек ауданы табиғи газбен толық, яғни 100 пайыз қамтамасыз етілген Түркістан облысындағы алғашқы аудандардың біріне айналады. Бұл өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беріп, тұрғындардың өмір сүру сапасын одан әрі арттыруға мүмкіндік береді.

# СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ 977 МЫҢНАН АСТАМ ЖҰМЫС ОРНЫ ҚҰРЫЛДЫ

Түркістан облысында халықты жұмыспен қамту және азаматтардың табысын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соңғы сегіз жыл ішінде өңірде 977 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылып, жүздеген мың тұрғын тұрақты табыс көздерімен қамтамасыз етілді. Бұл көрсеткіш облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы маңызды жетістіктердің бірі саналады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықты жұмыспен қамту, еңбек нарығын дамыту және азаматтардың әл-ауқатын арттыру жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатында Түркістан облысында ауқымды жобалар мен мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда. Соның нәтижесінде 2018 жылдан 2026 жылдың 1 маусымына дейінгі аралықта «Өңірлік жұмыспен қамту картасы» аясында жалпы 977 654 жұмыс орны ашылды.

Құрылған жұмыс орындарының 265 245-і Қазақстан Республикасы Президенті бекіткен ұлттық жобалар мен түрлі даму тұжырымдамалары шеңберінде қамтамасыз етілді. Сонымен қатар Мемлекет басшысының «10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орнын құру» бастамасы аясында 98 016 азамат жұмыспен қамтылды.

Жұмыспен қамту шараларының нәтижесінде аталған кезеңде 463 443 адам тұрақты жұмыс орындарына орналасқан. Бұл өңірдегі еңбек нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуге және халықтың табысын арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар 245 940 азамат субсидияланатын жұмыс орындарына жолданды.

Мемлекеттік қолдау тетіктері аясында жастарды жұмыспен қамтуға ерекше көңіл бөлінуде. Соңғы сегіз жылда 58 653 жас маман жастар практикасына қатысып, еңбек жолын бастауға мүмкіндік алды. Бұл бағдарлама оқу орнын тәмамдаған түлектердің тәжірибе жинақтап, тұрақты жұмысқа орналасуына жол ашып келеді.

Сондай-ақ әлеуметтік жұмыс орындарына 39 990 адам жолданса, қоғамдық жұмыстарға 130 403 азамат тартылды. Бұдан бөлек, еңбек нарығының түрлі санаттағы азаматтарын қолдауға бағытталған арнайы жобалар да нәтижелі жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, «Алғашқы жұмыс орны» жобасына 7 616 адам қатысса, «Ұрпақтар келісімшарты» жобасы бойынша 8 азамат жұмысқа орналастырылды. Ал егде жастағы тұрғындарды еңбек нарығында қолдау мақсатында іске асырылған «Күміс жас» жобасына 9 270 адам жолданды.

Өңірде кәсіпкерлікті дамыту және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың қатарын арттыру бағытында да нақты жұмыстар атқарылуда. Осы кезеңде жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін 29 401 азаматқа 400 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қайтарымсыз мемлекеттік гранттар берілді. Бұл қаражат көптеген тұрғындардың жеке кәсібін бастап, тұрақты табыс табуына мүмкіндік жасады.

Жастар кәсіпкерлігін дамытуға да ерекше қолдау көрсетілуде. Атап айтқанда, 625 жас кәсіпкерге жылдық 2,5 пайыздық жеңілдетілген мөлшерлememeн несие беріліп, олардың бизнес-жобаларын іске асыруына жағдай жасалды.

Еңбек нарығының сұранысына сәйкес мамандар даярлау жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. Соңғы жылдары 14 303 азамат кәсіптік оқыту курстарынан өтіп, еңбек нарығына қажетті жаңа мамандықтарды меңгерді. Оның ішінде 14 099 адам білім беру ұйымдарында білім алса, 204 адам жұмыс берушілердің базасында кәсіби даярлықтан өткен.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде облыстың еңбек нарығында оң динамика қалыптасты. 2026 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша Түркістан облысындағы жұмыссыздық деңгейі 4,6 пайызға дейін төмендеді. Ал жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 1,9 пайызды құрап, республикадағы ең төмен көрсеткіштердің бірі ретінде бағалануда.

Мамандардың пікірінше, жұмыспен қамту бағытындағы кешенді шаралар халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартып қана қоймай, өңір экономикасының тұрақты дамуына да ықпал етуде. Жаңа өндіріс орындарының ашылуы, кәсіпкерліктің дамуы және инвестициялық жобалардың іске асырылуы еңбек нарығын одан әрі кеңейтуге мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта Түркістан облысында халықты тұрақты жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу, кәсіпкерлікті қолдау және азаматтардың әл-ауқатын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасады. Бұл шаралар өңірдің әлеуметтік тұрақтылығын нығайтып, тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға қызмет етпек.

# БІЛІМ НЫСАНДАРЫ ЖАҢАРЫП ЖАТЫР: 115 МЕКТЕП РЕНОВАЦИЯДАН ӨТЕДІ

Түркістан облысында білім беру инфрақұрылымын жаңғырту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Өңірде мектептерді реновациялау, күрделі және ағымдағы жөндеу, инженерлік инфрақұрылымды жаңарту жұмыстары қарқын алып, жаңа оқу жылына дайындық ерекше бақылауға алынған.

Осы мәселелер Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен арнайы мәжілісте жан-жақты талқыланды. Жиын барысында білім беру нысандарының құрылысы, мектептерді жаңғырту бағдарламасының орындалуы, жазғы жөндеу жұмыстарының барысы және саладағы өзекті мәселелер қаралды.

Облыстық білім басқармасының басшысы Ғалымжан Орыновтың мәліметінше, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып жатқан реновация бағдарламасы аясында Түркістан облысында алдағы үш жыл ішінде 115 мектеп жаңғыртылады. Оның ішінде 2025 жылы – 41, 2026 жылы – 38, ал 2027 жылы 36 білім беру ұйымын жаңарту жоспарланған.

Жалғасы 4-ші бетте

Беттi дайындаған: Арайлым ӘБСАҒАТ.

# ЖЫЛЫНА 2 МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚ КӨШЕТ ӨСІРЕТІН ЖАҢА ТҰҚЫМБАҚ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Түркістан облысында көгалдандыру жұмыстарын жаңа деңгейге көтеретін ірі жоба жүзеге асырылуда. Облыс орталығында салынған заманауи тұқымбақ толық қуатына шыққан кезде жыл сайын 2 миллионға жуық ағаш пен гүл көшетін өсіріп, өңірді ғана емес, еліміздің өзге аймақтарын да сапалы көшетпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында елді мекендерді көгалдандыру, экологиялық жағдайды жақсарту және жасыл аймақтарды ұлғайту жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында жүзеге асырылуда.

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров облыс орталығындағы жаңа тұқымбақтың жұмысымен танысып, оның өндірістік әлеуетін арттыру және алдағы даму жоспарын талқылады. Өңір басшысы жылыжайлардың аумағын кеңейту, инфрақұрылымды жетілдіру, көшет өндірісін ұлғайту бағытында нақты тапсырмалар берді.

– Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында жасыл алқаптарды көбейтуді міндеттеді. Біздің өңірде бұл бағыттағы жұмыстарды кеңейтуге толық мүмкіндік бар. Осындай тұқымбақтар облыс орталығында ғана емес, барлық аудан мен қалада ашылуы тиіс. Сонда біз өз қажеттілігімізді толық өтеп қана қоймай, еліміздің басқа өңірлерін де көшетпен қамтамасыз ете аламыз. Сонымен бірге әрбір тұрғын өз ауласына ағаш отырғызуды азаматтық міндеті деп қабылдауы қажет. Соңғы сегіз жылда Түркістандағы көгалдандыру жұмыстарының нәтижесінде қаланың микроклиматы жақсарып, ауа температурасының төмендеуі байқалды. Бұл – жүйелі еңбектің нақты нәтижесі, – деді Нұралхан Көшеров.



Жалпы құны 400 миллион теңгені құрайтын «Түркістан қаласы аумағындағы тұқымбақ» жобасы 10 гектар аумақты алып жатыр. Құрылыс жұмыстары 2025 жылдың қазан айында басталған. Нысанға жауапты мекеме ретінде «SK Geokart» ЖШС белгіленген. Қазіргі уақытта мұнда ағаш және гүл көшеттерін өсіру жұмыстары жолға қойылып, алғашқы нәтижелерін бере бастады.

Алдағы кезеңде тұқымбақтың жылыжай кешенін кеңейту, ішкі жолдарды асфальттау, табиғи газ бен ауыз су желілерін тарту жоспарланып отыр. Сондай-ақ Арыс–Түркістан су жүйесінің мүмкіндігін тиімді пайдалану және көшеттердің сапасын ғылыми тұрғыдан жетілдіру мақсатында арнайы зертхана ашу көзделген.

Жоба толық іске қосылған кезде мұнда жыл сайын 700 мың түп біржылдық гүл, 1 миллион түп жапырақты ағаш көшеті, 50 мың түп қылқанжапырақты ағаш және 100 мың түп көпжылдық гүл өсіріледі. Өндірілетін көшеттер Түркістан қаласы мен облыстағы саябақтарды, гүлзарларды, көшелер мен қоғамдық кеңістіктерді көгалдандыруға пайдаланылып, өңірдің сырттан көшет сатып алу қажеттілігін азайтады.

Жалпы, Түркістан облысында көгалдандыру жұмыстары кезең-кезеңімен жалғасып келеді. Президенттің республика көлемінде 15 миллион ағаш отырғызу жөніндегі тапсырмасы аясында биыл өңірде 1 миллионнан астам ағаш отырғызу жоспарланған. Көктемгі маусымда 332 мыңнан астам көшет егілсе, қалған жұмыстар жыл соңына дейін жалғасады. Барлық көшеттер облыстағы 14 жергілікті тұқымбақта өсірілуде. Бұдан бөлек, инвесторлардың қолдауымен қосымша 1 миллионнан астам ағаш отырғызылып, белгіленген жоспардың артығымен орындалуы күтілуде.

Жаңа тұқымбақтың іске қосылуы Түркістанның жасыл желегін көбейтіп қана қоймай, өңірдің экологиялық ахуалын жақсартуға, көшет шаруашылығын дамытуға және табиғатты қорғау бағытындағы мемлекеттік бастамалардың тиімді жүзеге асуына серпін бермек.

# ЗАҢСЫЗ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУҒА БАҚЫЛАУ КҮШЕЙДІ

Түркістан облысында заңсыз жер қойнауын пайдалану деректерінің алдын алу және табиғи ресурстарды заңсыз игеруге тосқауыл қою бағытындағы жұмыстар күшейтілуде. Бұл мәселе облыс әкімдігінде өткен арнайы мәжілісте кеңінен талқыланып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз ету, экологиялық қауіпсіздікті сақтау және жол инфрақұрылымын қорғау бойынша нақты міндеттер жүктелді.

Жиынға құқық қорғау органдарының, салалық басқармалардың, аудан-қала әкімдіктерінің басшылары және жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындардың өкілдері қатысты. Күн тәртібінде облыс аумағындағы заңсыз жер қойнауын пайдаланудың алдын алу, заңсыз қазылған «қызыл нүктелердегі» жағдай, сондай-ақ ауыр жүк көліктерінің қозғалысын бақылауды күшейту мәселелері қаралды.

Облыс әкімінің орынбасары Еркебұлан Дауылбаев табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және заң талаптарының сақталуы – өңірдің тұрақты дамуы үшін аса маңызды екенін атап өтті. Оның айтуынша, заңсыз жер қойнауын пайдалануға қарсы құрылған мобильді топтар рейдтік жұмыстарды тұрақты түрде жүргізіп, құқық бұзушылықтарға жедел әрекет етуі тиіс.

– Заңсыз жер қойнауын пайдаланудың алдын алу бойынша құрылған мобильді топтар апта сайын рейд ұйымдастырып, жұмысты күшейтуі қажет. Өнеркәсіп және индустриалды-инновациялық даму басқармасы жер қойнауын пайдаланушылардың заң талаптарын сақтауына тұрақты бақылау жүргізуі тиіс. Сонымен қатар ауыр жүк көліктерінің қозғалысы да жіті қадағаланып, рейдтер жүйелі ұйымдастырылуы қажет. Барлық жер қойнауын пайдаланушылар заң талаптарын қатаң сақтап, адал жұмыс істеуі керек. Қоршаған орта мен инфрақұрылымды қорғау – баршаға ортақ міндет, – деді Еркебұлан Дауылбаев.

Түркістан облысының Өнеркәсіп және индустриалды-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Қанат Шонбасовтың мәліметінше, бүгінде өңірде кең таралған пайдалы қазбаларды өндіретін 234 жер қойнауын пайдаланушы тіркелген. Оның 75-і келісімшарт, ал 159-ы лицензия негізінде қызмет атқаруда.

2025 жылдың қорытындысы бойынша жер қойнауын пайдаланушылардан облыстық бюджетке 9,1 миллиард теңге түскен. Оның 4,8 миллиард теңгесі жер қойнауын пайдаланғаны үшін төленген төлемдер болса, 4,3 миллиард теңгесі жасыл белдеуді дамытуға бағытталған. Сонымен қатар лицензиясы тоқтатылған немесе игерілмей жатқан учаскелерге жүргізілген түгендеу нәтижесінде жалпы көлемі 504 мың 750 гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылған.

Мәжілісте лицензиялық және келісімшарттық міндеттемелердің орындалуына бақылау күшейтілгені де айтылды. Өткен жылғы есептерін тапсырмаған 49 жер қойнауын пайдаланушының материалдары заң аясында шара қолдану үшін «Оңтүстік Қазжерқойнауы» өңіраралық департаментіне жолданған. Ал есептерінде кемшіліктер анықталған 125 кәсіпкерге оларды жою үшін үш ай мерзім берілген. Белгіленген талап орындалмаған жағдайда лицензияларының күші тоқтатылмақ.

Қазіргі таңда облыс аумағында анықталған 22 заңсыз қазба орны тұрақты бақылауға алынған. Аудан және қала әкімдіктері жанынан құрылған мобильді топтар күнделікті мониторинг жүргізуде. Сондай-ақ кен орындары мен заңсыз қазылатын «қызыл нүктелерден» шығатын ауыр жүк көліктерінің қозғалысын бақылау мақсатында бейнебақылау камераларын орнату жұмыстары басталған.

Түркістан облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары Бауыржан Жанаевтың айтуынша, биылғы бес ай жиырма күннің ішінде заңсыз жер қойнауын пайдалану бойынша 125 құқықбұзушылық анықталған. Соның нәтижесінде 115 ауыр жүк көлігі мен 10 арнайы техника айыптұраққа қойылды. Экономикалық залал есептелген 100 материал бойынша 10 миллион теңгеден астам шығын анықталып, тиісті шара қабылдау үшін Экология департаментіне жолданған.

Өз кезегінде Экология департаменті 73 дерек бойынша әкімшілік хаттама рәсімдеп, жалпы сомасы 5,6 миллион теңгеге жуық айыппұл салған. Оның 2,2 миллион теңгеден астамы өндірілсе, қалған материалдар заң талаптарына сәйкес қаралып жатыр.

Рейдтік іс-шаралар барысында бірқатар кәсіпорындардың рұқсат етілген аумақтан тыс жерлерден топырақ алғаны, лицензиялау рәсімдері толық аяқталмай жатып жұмыс бастағаны немесе лицензиясының күші тоқтатылғанына қарамастан өндіру жұмыстарын жалғастырғаны анықталған.

Жиын қорытындысында жауапты мемлекеттік органдарға заңсыз жер қойнауын пайдаланудың жолын кесу, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, бюджет түсімдерін арттыру және өңірдегі экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды одан әрі күшейту тапсырылды.

Сонымен қатар заңды жер қойнауын пайдаланушылардың қызметіне жүргізілген бақылау барысында тасымалдау құжаттарының толық рәсімделмеуі, карьерлерде жүк өлшейтін таразылардың болмауы және ауыр жүк көліктерінің белгіленген салмақтан артық жүк тиеп жүруі сияқты жүйелі мәселелер анықталған.

Тексеру кезінде салмақтық талаптарды бұзған жеті ауыр жүк көлігіне қатысты Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 571-бабы бойынша 19 әкімшілік хаттама толтырылып, жалпы сомасы 3,287 млн теңге айыппұл өндірілген.

Мәжіліс қорытындысында облыс әкімінің орынбасары заңсыз жер қойнауын пайдаланудың алдын алу жұмыстарын күшейтуді, «қызыл нүктелерге» тұрақты бақылау жүргізуді, мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды арттыруды және ауыр жүк көліктерінің қозғалысын цифрлық бақылау жүйесін жедел іске қосуды тапсырды.

# БІЛІМ НЫСАНДАРЫ ЖАҢАРЫП ЖАТЫР: 115 МЕКТЕП РЕНОВАЦИЯДАН ӨТЕДІ

(Жалғасы. Басы 3-бетте)

Биыл жөндеуі көзделген 41 мектептің 26-сында құрылыс жұмыстары толық аяқталған. Қалған 15 мектепте күрделі жөндеу жалғасып жатыр. Бұл нысандарды 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін пайдалануға беру жоспарланған. Қазіргі уақытта мектептердің ішкі әрлеу жұмыстары мен инженерлік жүйелері толық жаңартылып, сыртқы әрлеу және абаттандыру жұмыстарының орындалу деңгейі орта есеппен 50–60 пайызға жеткен.

Ал биылғы реновация бағдарламасы аясында тағы 38 мектепте жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Оның ішінде 32 білім ошағы ағымдағы, 6 мектеп күрделі жөндеумен қамтылады.

Жалпы өңірде жазғы кезеңде 125 мектепте ағымдағы жөндеу жұмыстары қолға алынған. Қазіргі таңда олардың 60-ында жұмыстар толық аяқталса, қалған білім беру ұйымдарында жөндеу белгіленген кестеге сәйкес жалғасуда. Барлық жұмыстар жаңа оқу жылы басталғанға дейін толық аяқталып, мектептер оқушыларды қабылдауға дайын болуы тиіс.

Мәжілісте білім беру ұйымдарының қауіпсіздігі мен инженерлік инфрақұрылымын жетілдіру мәселесіне де ерекше назар аударылды. Биыл облыстағы 110 білім беру нысанын табиғи газ жүйесіне қосу жоспарланған. Оның ішінде 82 мектеп, 26 балабақша және 2 қосымша білім беру ұйымы бар. Бұл жұмыстар өңірдегі әлеуметтік нысандардың жайлылығын арттырып, энергия тиімділігін жақсартуға мүмкіндік береді.

Жиын қорытындысында облыс әкімі Нұралхан Көшеров жауапты басқармалар мен аудан, қала әкімдеріне құрылыс және жөндеу жұмыстарының сапасы мен мерзімін қатаң бақылауда ұстауды тапсырды. Сондай-ақ жаңа оқу жылы басталғанға дейін барлық білім беру нысандарының толық дайын болуын қамтамасыз ету, реновация жобаларын сапалы жүзеге асыру, оқушылар үшін қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру жұмыстарын күшейтуді міндеттеді.

Өңір басшысы бюджет қаражатының тиімді әрі мақсатты игерілуіне, құрылыс барысында сапа талаптарының сақталуына және анықталған кемшіліктердің дер кезінде жойылуына ерекше мән берілетінін атап өтті. Сонымен қатар құрылысты талапқа сай жүргізбеген мердігерлер заң аясында жауапкершілікке тартылатынын ескертіп, өңірдегі барлық білім беру нысандары тұрақты мониторинг пен бақылауда болатынын жеткізді.

# МЕДЕУ МЕН ШЫМБҰЛАҚТА ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҢАРТЫЛЫП ЖАТЫР

Алматыда Медеуден Шымбұлақ тау шаңғысы курортына дейінгі аралықта инженерлік инфрақұрылым құрылысы жалғасып жатыр. Жобаны Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының тапсырысы бойынша мердігер ұйым жүзеге асыруда. Оның мақсаты – коммуналдық жүйелердің сенімділігін арттыру және туристік инфрақұрылымды дамыту. Бұл туралы Алматы қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі мәлімдеді.

Жоба аясында ұзындығы 5,7 шақырым болатын орта қысымды газ құбыры мен 2,7 шақырым кәріз желісін салу көзделген. Бұл жоба аталған бағыт бойында орналасқан нысандарды, соның ішінде Шымбұлақ тау шаңғысы курортының аумағын инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта мердігер ұйым құрылыс-монтаж жұмыстарына кірісті. Газ құбырының алғашқы учаскелерін орнату, кәріз желілерін тарту және темірбетон құдықтарын орнату жұмыстары жүргізілуде. Инженерлік желілердің құрылысын 2026 жылы қараша айының соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Барлық жұмыс жобалық құжаттамаға, құрылыс нормаларына және экологиялық талаптарға сәйкес жүргізілуде. Әсіресе, табиғи ландшафты сақтауға және қоршаған ортаға келетін әсерді барынша азайтуға ерекше көңіл бөлінген.

Құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілетін кезеңде жолдың кей бөлігінде қозғалысқа уақытша шектеу енгізіліп, арнайы техникалар жұмыс істеуі мүмкін. Осыған байланысты қала тұрғындары мен қонақтарынан сапарларын жоспарлау кезінде осы ақпаратты ескерулерін сұрайды.

# АҚТАУДА СТРАТЕГИЯЛЫҚ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ЛОГИСТИКАЛЫҚ КЕШЕН САЛЫНАДЫ

Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай «СК-Фармация» ЖШС Басқарма төрағасы Нұрлыбек Асылбековпен кездесті. Кездесу барысында Ақтау қаласында Бірыңғай дистрибьютордың заманауи фармацевтикалық логистикалық кешенін салу жөніндегі стратегиялық жобаны іске асыру мәселелері талқыланды. Бұл туралы Маңғыстау облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлайды.

«СК-Фармация» ЖШС басшылығының мәліметінше, жоба Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылуда. Құжатқа сәйкес, Бірыңғай дистрибьютордың заманауи фармацевтикалық логистикалық кешендері кезең-кезеңімен Астана, Алматы, Шымкент, Ақтау, Ақтөбе және Қарағанды қалаларында салынады.

Жоба аясында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін, ауданы 1 мыңнан 5 мың шаршы метрге дейінгі заманауи фармацевтикалық қойма салу көзделген. Бұл нысан өмірлік маңызы бар дәрілік заттардың стратегиялық қорын қалыптастыруға, медициналық ұйымдар мен халықты дәрі-дәрмекпен үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар өңірдің денсаулық сақтау жүйесінің тұрақтылығын арттырып, логистикалық әлеуетін күшейтуге ықпал етеді.

Кешен құрылысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына да оң әсерін тигізеді. Құрылыс кезеңінде 100-ге дейін уақытша жұмыс орны ашылса, нысан пайдалануға берілгеннен кейін 60-қа дейін тұрақты жұмыс орны құрылады.

Облыс әкімі халықты сапалы медициналық көмекпен және өмірлік маңызы бар дәрілік заттармен қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін атап өтті.

